



БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ
ФАКУЛЬТЕТ БИОЛОГИИ И БИОТЕХНОЛОГИИ

VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2-12 сәуір 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 9-10 сәуір 2019 жыл



VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 2-12 апреля 2019 года

МАТЕРИАЛЫ

Международная научная конференция

студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 9-10 апреля 2019 года



VI INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 2-12 April 2019

MATERIALS

International Scientific Conference of

Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 9-10, 2019

Жақсыбай Ж.Ә., Үсіпәлиева А.Қ. ЖАСӨСПІМ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КҮЙЗЕЛІС ИНДЕКСІН ЗЕРТТЕУ	128
Жақсылық А., Альмурад Б., Тоқтыбай А., Малибаева А. СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА СОЗЫЛМАЛЫ ШАРШАУ БЕЛГІЛЕРІНІҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ	129
Жарлықбай Г.Д., Аманбай Б.Б., Таникенова Д.М., Лученков А. ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕ ТЕРІДЕГІ БИОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВТІ НҮТЕЛЕРДІҢ ЭЛЕКТРӨТКІЗГІШТІК КӨРСЕТКІШІН ЗЕРТТЕУ	130
Жұмабаева А.М., Исаева Н.Б. ЖҮРЕК – ҚАН ТАМЫРЛАРЫНЫҢ БҰЗЫЛЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ЛИМФА АҒЫСЫ ЖӘНЕ ЛИМФАНЫҢ РЕОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ	130
Жунусова А.С. ҚУЫҚ АСТЫ БЕЗІ КЛЕТКАЛАРЫНДАҒЫ Na^{+}-ТӘУЕЛДІ ДИКАРБОН ҚЫШҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАУШЫСЫНЫҢ РОЛІ	131
Задубенко Д.В., Кошкимбаева Г.Д., Сманова А.Б. ОПЫТ ФОРМИРОВАНИЯ ПРАКТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ В СФЕРЕ ВРТ У СТУДЕНТОВ БИОЛОГИЧЕСКИХ ФАКУЛЬТЕТОВ	132
Zaparina O. ACCUMULATION OF OXIDATIVE DAMAGE MARKERS DUE TO OPISTHORCHIASIS IN AN EXPERIMENTAL MODEL	133
Иманалиева М. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ПСИХО-ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ	133
Исаева Н.Б., Жұмабаева А.М. ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫРЛАРЫНЫҢ БҰЗЫЛЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ЛИМФА МЕН ҚАННЫҢ БИОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ	134
Кайрат Б.К. ВЛИЯНИЕ СОСТАВА РАЗЛИЧНЫХ ПРОДУКЦИОННЫХ КОРМОВ НА НЕКОТОРЫЕ БИОХИМИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ СЫВОРОТКИ КРОВИ МОЛОДИ ОСЕТРОВЫХ, ВЫРАЩИВАЕМЫХ В ИСКУССТВЕННЫХ УСЛОВИЯХ	135
Капушак Я.К., Тумашев Р.А., Запарина О.Г. ПАТОЛОГИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ В ПОЧКАХ И ПЕЧЕНИ ПРИ ХРОНИЧЕСКОЙ ИНФЕКЦИИ ОПИСТОРХОЗА НА ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОЙ МОДЕЛИ	136
Катчибаева А.С. БАЛАЛАРДАҒЫ ОМЫРТҚА СКОЛИОЗЫ СЫРҚАТЫ КЕЗІНДЕГІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕМДІК ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	136
Кәдірбек Қ.Е. БИОТЕХНОЛОГИЯНЫ МЕДИЦИНАДА ҚОЛДАНУ	137
Кударина А.К. ВЛИЯНИЕ АТМОСФЕРНОГО ДАВЛЕНИЯ НА ИЗМЕНЕНИЯ ДВИГАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ У ЛИЦ ПОЖИЛОГО ВОЗРАСТА	138
Қайрат А.Қ., Оразбекова А.Р. ОҚУ ҮРДСІНЕ БЕЙІМДЕЛУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚЫЛ-ОЙ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ.	139
Қайрат Б.Қ., Кулбаев Т.Т., Дуйсенбекова А.К., Берік А.Б. КӨРУ ФУНКЦИЯСЫНДА ӨЗГЕРІСТЕРІ БАР СТУДЕНТТЕР ТЕРІСІНДЕГІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР КЕЙБІР БИОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВТІ НҮКТЕЛЕРІНІҢ КҮЗ МЕЗГІЛІНДЕГІ ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТІНІҢ ӨЗГЕРІСІН АНЫҚТАУ	139
Қайрат Б.Қ., Кулбаев Т.Т., Берік А.Б., Тоқтыбай А.К. ЖАҚЫННАН КӨРЕТІН СТУДЕНТТЕРДІҢ ТЕРІСІНДЕГІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР КЕЙБІР БИОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВТІ НҮКТЕЛЕРІНІҢ КҮЗ МЕЗГІЛІНДЕГІ ЭЛЕКТРӨТКІЗГІШТІК МӘНДЕРІН АНЫҚТАУ	140
Қайырбаева Э.М. ДЕНІ САУ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАН ТАМЫРЛАРЫ ЖҮЙЕСІНІҢ КҮЙІ ЖӘНЕ ӘРТҮРЛІ ЖҮКТЕМЕЛЕР КЕЗІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	141
Қалжан Қ.М. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНДЕМИК ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТОКСИКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ	142
Қойжигитова М.А., А.Е.Есенбекова., Жұмабай А.Н. ЖАНУАРЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА НАНОБӨЛШЕКТЕРДІҢ ӘСЕРІ	143

қол жеткізеді және әлі де жеткізе алады. Өз кезегінде психика алған біліміне және тәжірибенің жинақталуына байланысты тереңдеп, сақталады. Өзінің тіршілік барысында пайда болған қобалжу, тандану немесе жағымды, жағымсыз іс әрекеттері белгілі із қалдырып, есте сақталады. Қазіргі жаңа технологиялардың пайда болуы сабақтың күрделенуіне алып соқты. Соған байланысты оқушыларға берілген жүктемелерде жоғарылай бастады. Адамның психикалық процестері, ақыл-ойдың қалыптасуына, жаңа ақпараттың, білімнің жинақталуына, білім деңгейіне байланысты болады.

Білім беру - бұл жекелеген құбылыс емес, ол оқушылардың оқу қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Бейімделу процессінің басты мәселесі болып психологиялық бейімделу системасы болып табылады. Жаңартырған оқу бағдарламасына бейімделу социалдық процесс.

Жаңартылған бағдарламаны оқу процесіне енгізу білім сапасын құзыреттілікке негізделген тәсілдеме және оқушылардың өзіндік жұмысының үлесін кеңейтуді, әртүрлі формада бағалауды талап етеді. Жаңаша әдіс-тәсілдерді оқып үйрену - заман талабы. Білім беру - бұл жекелеген құбылыс емес, ол оқушылардың оқу қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Бейімделу процессінің басты мәселесі болып психологиялық бейімделу системасы болып табылады.

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.д., профессор Мурзахметова М.К.

ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫРЛАРЫНЫҢ БҰЗЫЛЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ЛИМФА МЕН ҚАННЫҢ БИОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Исаева Н.Б., Жұмабаева А.М.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
i.n.nazym@mail.ru

Жүрек-қан тамырлар жүйесінің бұзылысы әр түрлі себептерге байланысты жүректің түрлі бөлімдерінің жұмысының бұзылуымен сипатталып, жүрек қан – тамырлар жетіспеушілігіне әкеліп соқтырады. Көптеген жүрек-қан тамырларының аурулары жүректің қалыпты ырғағының бұзылыстарымен қабаттасады. Әсіресе бұл бұзылыстар коронарлық қан айналым жеткіліксіздігінде миокард инфарктында жиі кездеседі. Жүрек аритмиялары адамның кенеттен өлуінің себептері болуы мүмкін. Жүрек-қан тамырларының бұзылыстары жүректің автоматтық, қозғыштық, өткізгіштік қасиеттерінің бұзылыстарынан дамиды. Қалыпты жағдайда қан тамырлары тұрақты күйде болады, сонымен қатар қанның тең мөлшерде бүкіл организмге таратылуын қамтамасыз етеді. Бірақ әр түрлі себептер тамырларға әсер еткеннен зақымдалған ошақта қан тамырлары кеңейіп, қанмен толады. Қан айналым бұзылуы: жалпы және жергілікті. Жалпы қан айналымның бұзылуы дененің барлық мүшелерінің қанмен қамтамасыз етілуін өзгертеді. Жергілікті қан айналымның бұзылуы жеке қан тамырларының немесе оның тармақтарының патологиясы ретінде белгілі бір жерде ғана байқалады. Жүрек қан тамырлары бұзылысының жергілікті түрлерінің көбі бір-бірімен тығыз патогенездік әрі себеп-салдарлық қатынаста дамиды. Жүрек-қан тамырлар жүйесінің аурулары кезінде инфаркт, инсульт, эндоартрит, тромбоздар сияқты ауыр асқынулар кезінде ұзақ уақыт еңбекке жарамсыздықпен мүгедектікке алып келетіндігі байқалады. Көптеген жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары немесе бұзылыстары қан мен лимфаның биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеруіне алып келеді. Қан тамырлары бұзылысы эндотелоциттермен жүретін релаксирлеуші факторлардың бөлінуін және азот оксиді синтезін төмендетеді, констрикторлық реакциялар мен тамырлардың өткізгіштігі артады, сондай-ақ микроциркуляцияның бұзылуына алып келеді. Қан айналымның бұзылысы кезінде біртұтас реттік ацидоз дамиды, әсіресе қанның тромбогендік қасиеттерінің жоғарылауы, бос радикалдардың артуы және клеткалық гипергидратацияның дамуы байқалады, артериялық қысымның жоғарылауы кеуде немесе ішек жолдарында лимфа ағысының артқандығы көрінеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Жануарлардың қан айналымының бұзылысы кезіндегі лимфа мен қанның биохимиялық өзгерістерін зерттеу.

Зерттеу объектісі және әдістері: бақылау және тәжірибелік егеуқұйрықтар, физиологиялық биохимиялық, микроскоптық әдістер, глюкоза «Глюкотренд-2» тест жолақтарымен, АЛТ және АсАТ деңгейін анықтау үшін Райтман-Френкель, билирубинді Иендрашик-Гоф, реограф Мицар-РБВ (Ресей), Доплер Саномед-300, микроскоп Флуовал-2 Цейс.

Зерттеу нәтижесі: Жүрек-қан тамырларының бұзылысы кезінде тәжірибелік жануарлардың лимфа мен қанның биохимиялық көрсеткіштері өзгерістерге ұшырайтындығы, қанның тұтқырлығының